

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділі

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Бисенғали**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Респуб-
ликасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» топқауымен ашылған. Алтыншы
томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен
білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың
дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы
аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙ ШЕБЕРЛІГІ ХАҚЫНДА

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға пық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай, –

дейді Абай бір өлеңінде. Тарихтан мәлім, қазақ халқы – сонау атам заманнан бері мал шаруашылығымен айналысып, етін жеп, сүтін ішіп, барлық қаракеті соның төңірегінде өтіп келе жатқан халық. Қолөнер кәсібі, егін шаруашылығы дегендер ептеп болғанмен де жаппай халықтық сыпат алған кәсіптер емес еді.

Ең негізгі тіршілік көзі осы мал-ақ болатын. Ал сөйтіп жүрген халықты ақынның «мал баға алмайсың» деп кінәлауының себебі не? Сөз жоқ, әдебиетті былай қойғанда, бүкіл батыс, шығыс философтарының шығармаларын оқып зерттеген, өз халқын өрісті жолға салуды арман, мұрат еткен ақын қазақ жұртының тіршілік қаракетіне байланысты да көп ізденіп оқыған болуға тиіс. Алдыңғы қатарлы, техникасы, мәдениеті дамыған елдердің шаруашылық жағдайынан, соның ішінде мал шаруашылығы жағдайынан хабардар болуы да әбден мүмкін. Бұл жөнінде өзінің Михаэлис, Долгополов тәрізді орыс достарымен де пікір алысып, әңгіме-дүкен құрмағанына кім кепіл?! Не қылса да, бірде қыстан аман шығып, бірде жұтқа ұшырап, табиғатқа жартылай тәуелді тіршілік кешкен қазақ жұртының мүшкіл хәлін анық байқаған.

Кезінде М. Горький жазушылардың алдына: «Біз кітаптарымыздың негізгі геройы етіп еңбекті, былайша айтқанда, еңбек процесі ұйымдастыратын адамды... еңбекті искусство қатарына шейін көтеретін адамды таңдап алуымыз керек», – деген міндет белгілегені бар-ды. Міне, Абай да осы Горький айтқан пікірге

жуық, яғни мал бағудың өзін өнер дәрежесіне дейін көтеру талабын қойып отыр. Бұл біздің ойдан шығарған қисынымыз емес, ақын дәл осындай талапты басқа мәселелерге байланысты да үнемі қойып отырған. Мәселен, «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңінде:

Өлеңді айтпақ түгіл ұға алмайсың,
Айтсаң да үдесінен шыға алмайсың, –

десе, тағы бір өлеңінде:

Құр айғай бақырған,
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен? –

дейді ақын.

Көріп отырсыздар, ұлы ойшыл – мұнда мейілінше талапшыл, мейілінше қатал. Бұл сөздерді біз қай нәрсені болса да шегіне жеткізе, ұқсата біл деген өсиет ретінде қабылдаймыз. Жанағы еңбек жөніндегі талабы да осы секілді ойдан туған. Дәл осындай талапты, әуелі бұдан да гөрі қаталырақ етіп, өзіне, ақындық өнеріне де қоя білген:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Ішкі алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы? –

дей отырып, соған жауапты өзі берген, үлгі-өнегесін өзі көрсетіп, шешімін өзі тапқан.

Абай – жалынды патриот ақын. «Қалың елін, қазағын, қайран жұртын» жан-тәнімен беріле, шексіз сүйе білді. Оның жақсысына сүйіне, жаманына жаны аши жүріп «өзге жұрттан ұялмай өз жұртым» дейтін дәрежеге қайтсем жеткізем деп көкірегі қарс айырылады. Ұмтылады, жұлқынады. Бірақ ғасырлап шөккен надандық тұманы серпіп жіберерлік жеңіл емес еді. Содан ақын ашынып, бір кезек:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар, –

десе, бір кезек:

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың, –

деуге дейін барды.

Абай тұлғасы жермен-жексен өз заманынан ерекше жоғары тұрған. Өмірдің нағыз аласапыранымен араласып жүріп, оған өз биігінен қарады. Ақын көкжиегі өлшеусіз кең еді. Жіті көзге байқалмаған қалтарыс қалған жоқ, бәрін көрді, бәрін білді. Ол асқан реалистікпен қоғам сырын терең ашып, мерездерін батыл сыли алды. Осы ретте бұған орыстың сыншыл реализм бағытындағы әдебиетінің де әсері бар екені рас. Бірақ, бұл – мәселенің бір ғана жағы. Абайдың сыншыл реализм жолына түсуіне оның қалыптасқан гуманистік көзқарасы мен асқан патриоттық сезімі себеп болды. Өйткені, сол орыс әдебиетінің өзінде төл әдебиетін Абайдан бір мысқал кем білмейтін, соған қарамастан, оның белуарына да жетпей қалған тәп-тәуір таланты бар ақын-жазушылар толып жатыр. Осы орайда В.Г. Белинскийдің бір сөзі еске түседі: «Өнер алдындағы еріктілігің заман алдындағы қызметіне оңай орайласады: ол үшін тақырыптың анасын- мынасын жаз деп қиялыңды қинап, зорланба да зорықпа; оның мүддесі сенің көксегенің болсын; ол үшін жүрегінде ілтипат, махаббат маздасын; ісіңнен ішінді, өміріңнен өнерлілігіңді алыстатпайтын ақиқат тамыршысы арда сезімің болсын», – деген екен ұлы сыншы. Егер осы тұрғыдан қарасақ, Абайдың әшкерелеуші күші танылған қажеттілікте жатқаны көрінеді.

Сонымен, ақын өмірді жете білді, халқының шын жанашыры болды десек, оның ақындық құдіретінің негізгі жағы – осында. Шығармаларына өлмес жан бітіріп, бойына буырқанған

ыстық қан жүгіртіп тұрған сол. Ал Абай өмір шындығын қалай берді? Ол «...бізге сұрықсыз фотография көрсетуге емес, қайта өмір шындығының өзінен гөрі неғұрлым толық, неғұрлым тебірендірерлік, неғұрлым нанымды суретін беруге тырысады» (Мопассанның сөзі). Сондықтан Абай шығармалары нағыз шебер қолдан шыққан, көркемдік жағынан әбден толысқан туындылар болып табылады.

Абай поэзиясы көркем дегенде, ең алдымен, оның суретті поэзия екенін баса айту керек. Ал осы суреттілік ақын тілінен де, жасаған образдарынан да көрінеді. Алғашқы тіл суреттілігі деген мәселеге кейінірек тоқталып, қазір соңғы – кең мағынасына байланысты сөз қозғайық. Бұл тікелей шығарма сапалылығы дегеннен шығады да, ақын өлеңдеріндегі өмір шындығы, оның дұрыс суреттелуі, жалпылық, типтілік мәндерінің дәлдігі, суреттеулерінің өмірлілігі, халықтығы дегендерді қамтиды.

Абай нысанасына іліккен жәйттер сол дәуірдегі қазақ арасында етек алған, екі күннің бірінде бой көрсетіп отыратын деректі оқиғалар еді. Ақын сол өмірден көргенін, түйгенін үнемі ой елегінен өткізіп, қорытындылап отырды. Өзінің гуманистік, ағартушылық көзқарастарына байланысты үкімін айтты, сынады, шенеді. Ол айтқан сындар жеке адамға арналған сын дәрежесінде қалып қоймай, қоғамдық сыпатқа ие болды. Мәселен, Абайда ұзақ өлеңдерінің бірінен саналатын «Бөтен елде бар болса» деп басталар бір өлең бар. Онда небір сұмдықтың беті ашылады: «Бәрекелді, батыр» деп, «Мықты боп бара жатыр» деп, мақтап-мақтап... – бірді-бірге атыстырып жүргендерді, «имансыз» екі жүзділерді, «ауыр менен жеңілдің арасымен» жүретін жылпостарды, «орыссыз жерде» кісінің адал малын билетпейтін зорлықшылдарды, тағы сол секілді кілең бір қуларды көріп жаныңыз түршігеді. Тіпті, жатты қойып, ағайын-туғанның да арасы ала:

Өркімде-ақ бар ғой туысқан,
Қайсысы жауды қуысқан?
Күн жауғанда қойныңда,
Күн ашықта мойныңда –

Арылмас міндет болған соң,
Әркімнің көңілі суысқан.

Апыр-ау, Абай осынша сұмдықтың бәрін қайдан теріп алған десеніз, алыста емес, ақынның өз айналасында екен. Өлгі айтылғанның бәрі құла түзге тартып отырған жел сөз емес, белгілі бір адреске бағытталыпты:

Ел бүлігі тобықты,
Көп пысыққа молықты, –

дейді ақын. Абай найзасы аш бөріше алақтаған тобықты «пысықтарына» түйреліп отыр. Оқиға өмір шындығының өзінен алынып отыр.

Әншейінде өзіміз риза болған кезде айтатын «пысық» сөзі осында үстеме мағына иеленген. Бұл пысықтың жайы басқаша, оның сырына екінші өлеңінен қанамыз:

Пысық кім деп сұрасаң –
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұятмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрған бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу».

Бұл пысықта ешқандай береке жоқ. Күнкөрістің жеңіл жолын тапқан. Істеп жүрген «қарекеті – әрекет».

Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөз қалған жоқ.
Абайлаңыз, байқаңыз
Елдің жайы солай-ды, –

деп ақын сендіре сөйлейді. Сенеміз, өйткені бұл «пысық» – нағыз өлермен тип. Олар әр жерде-ақ, әр дәуірде-ақ туа береді. Осы

«пысық» кейінірек Б. Майлиннің қармағына ілінген. «Арыстан-байдың Мұқышын» оқып отырып:

Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай, –

дейтін Абай жолдарын еріксіз ойға алсақ, осы жолдарды оқып отырып, шабан тор биенің белінде жапалақша жарбиып, домалақ арызбен қалаға тартып бара жатқан Мұқыш бейнесін көз алдымызға елестетеміз.

Бұл өлеңдерде:

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар, –

деп, өзі айтқандай, ақын үлкен топшылау жасаған, айшықты характерлер ұсынған.

Енді «Болыс болдым, мінеки» дейтін өлеңін қарастырып көрелік. Бұл өлең Абай комментаторларының айтуына қарағанда, Күлембай есімді бір болысқа арналған көрінеді. Ал болыстық мансап үшін таласқыштар ниетін ақын «Үшінші сөзінде»: «Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық», – деп көрсетеді.

Күлембай да – сол болыстың бірі. Ол тегіннен-тегін «бар малын шығындап», «өзімдік бол» деп жақтастар жинап жүрген жоқ.

Болыстық және қолға оңай түсер де олжа емес. Ол үлкен тартыспен, қулық, сұмдық әрекеттермен ғана тиеді. Оның зардабы көп жағдайда ру арасындағы жанжал, дау-дамайларға да соқтырып отырған. Бұған тіпті 1880 жылдың өзінде «Орыс географиялық

қоғамы» жариялаған мәліметтерде «адам барымтасы» деген атақ берілген көрінеді (Сильченко, «Творческая биография Абая»).

Байқап қарасақ, шынында да, барымтадан еш кем емес. Жай-жапсарын Абайға баяндата бастасақ, нағыз сойқанды көреміз.

Ояз келе жатыр дегенді естіп, әлгі «малын шығындап» болыстыққа қол жеткізген бейшарада дегбір-түс қалмайды. Өзге қайраны жоқ байғұс байыз таппай далақтайды кеп. Ойы – ояздың көңілін табу, іскер басшы көріну; сайлау алдында ел момынын ықтырып ап, ірілерімен келісім жүргізу, сөйтіп мансабын қолдан шығармау. Ал ояз келгендегі қылығы – нағыз күлкі:

Бір кептірмей терімді,
Күн батқанша шабамын
Өрлі-берлі далпылдап...
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.

Енді несі қалды! Осыдан артық масқара бола ма?! Бұны ептеп өзі де сезеді, опынып бармағын тістейді, әжептәуір қиналады. Бірақ қорытынды жасайтын емес, қолдан келмес іске жармасудан тартынар емес;

Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар, –

қайта дәметеді.

Бұл өлең – Абай сатирасының шыңы. Бұнда акын қазақтың ел басқару жүйесін, патша өкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелеп, өзінің демократтық бағытын танытады. Оны біз терең талдап жатпаймыз. Абай зерттеушілерінен бұл өлеңге соқпай кеткені кемде-кем. Олар бүге-шігесіне дейін көрсетіп, жақсы-жақсы ойларын айтқан. Біз тақырыбымызға сай өзге жағына тоқталмақпыз.

Жоғарыда «Болыс болдым, мінеки» арнау өлең екен дедік. Мүмкін өмірдегі Күлембай дәл осы сатирадағы бейнедей болмаған да шығар. Ал мұндағы Абай ақындығының күші, соған байланысты шеберлігі, бір Күлембай бойынан соншама көп мін

табуында емес, қайта сол міндердің бәрін жинақтап, Күлембай бойына сиыстырып беруінде. Ол өзі көрген болыс атаулыдан байқаған кемшіліктердің ішіндегі ең сорақыларын тандап, бір тұлғаға теліп отыр. Соның арқасында бүкіл болыс атаулы бұл бейнеден өз портретін көретіндей етіп типтік бейне жасаған. Рас, Абайдың бұл сатирасында әсірелеу де жоқ емес. Бірақ «өсіре айтудан еш уақытта қорқуға болмайды; барлық ұлы адамдар – Микеланджело, Рабле, Шекспир, Мольер – соған бейім болған. Тек өсіре айту көзге ұрылмас үшін, ол бірқалыпты, пропорциялы, үйлесімді болуға тиіс... Сондықтан ұлы шеберлер идеяларын әсірелеудің ең соңғы шегіне жеткізеді» (Флобердің сөзі).

Бұл сатира тұңғыш рет баспа бетінде көрінгенде, «мұндай қылық нашар болыстарға тән» деген пікір айтылыпты. Сатира қамтитын көлемге шек қоюдың әрекеті ғой. Ал оны мүлдем теріске шығаруға сатираның ар жағындағы деректі шындық жібермеген болуға тиіс.

Осы ғана ма? Әуелі ақын өлеңдеріндегі жеке шумақтар мен жолдарда да кесек өмір шындығы жатады. Ол ойшыл оптимист ақын екенін, өз халқының нұрлы болашағына сенгенін білеміз. Болашақ иесі – кейінгі жастар. Сондықтан жастар тағдыры ақынды қатты толғандырады. Өнегелі өсиеттерін де соларға арнады. Ақын, әсіресе, оқыған жастарға көп сенім артты. Олардан Әбіш секілді ақыл, парасат иелерін көргісі келді. Бірақ ақын тілегінен шыға алмай жүрген оқығандар тым-ақ көп еді. Оларды көріп еріксіз қапаланады. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде:

Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прощение жазуға
Тырысар келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы, –

дейді. Сол замандағы оқушы жастардың көпшілігіне тән қылықты дөп басады. Олар теріс жолға түсіп бара жатыр. Ал бағытын

түзеп, түзу жолға салып жіберер ешкім жоқ. Қайта қолтығына дым бүркіп:

Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы.

Ақынның осы шындықты да өмір ортасынан ойып алып отырғанын анықтап берер бір мысал келтіріп көрелік. Өткен ғасырдың 60-жылдары басында оқыған қазақ жастары туралы Ыбырай Алтынсарин Н.И. Ильминскийге былай деп жазады: «Міне, орыс тілін әлгіде әрең үйренген, тіпті мектептен дұрыс білім де алып шықпаған ол, көкірек керіп, өзін «көп білетін адам», «өзгеден гөрі заңқой» етіп көрсете бастайды. Өздерінің азғантай ғана білімдерін зұлымдыққа пайдаланып, ондай адамдар опонай қырғыздардың (қазақтардың) жаны ашымас жәбірлеушілері болып шыға келеді».

Міне, бір заманда өмір сүріп, алдарына бірдей мақсат қойған, бірақ бір-бірімен байланысты болмаған, қазақтың екі ұлы адамы өмірдегі ақиқат оқиғаны тең көріп, дөп басып отыр.

Абай халық өмірін шыншылдықпен көрсете, қазақ жұртының ұлттық ерекшелігін де терең таныта білді. Қансонарда бүркітпен түлкі аулауға аттанған аңшылар да, жаз жайлауға көшіп-қонып жатқан ауыл көрінісі де, қоңыр күзде қара суыққа тоңғанына қарамастан, үйге от жаға алмай «ыстан қорыққандар» жайы да, «терлігі бусанбай» тамақ аңдитындар мен далақтап шапқан болыс кейпі де, шидем мен тон қабаттап киіп, жылқы соңында жүрген малшылар да – бәр-бәрі нағыз қазақ халқының өз өмірі. «ұлт өмірі тек соған ғана тән формалардан көрінбек, демек, өмірді көрсетуі дәл болса, ол – халықтық», – деп Белинский айтпақшы (Полное собр.соч.,том I, стр.295), бұнымен Абай әрі шынайы ұлттық, әрі халықтық ақын болып танылады.

Ақын өмірді дұрыс суреттеп қана қойған жоқ, соған ықпал жасауға тырысты. Көрген-білгенін шығармаларына арқау етіп пайдаланып, өткір сынға алды, түйреді.

...Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,

Қатты састым
Тұра қаптым...
Жалма-жан, –

дей отырып, оқушыны да жирендіріп, бездіріп шығарды. Ақын өлеңдерінің халықтық, өмірлік сыпаты да осысында жатыр. Ол «искусствоны қоғам мүддесіне қызмет ету құқынан айыру – оны биікке көтеру емес, жермен-жексен етіп төмендету, бұл оны жанды күшінен, яғни ойдан айыру, сибириттік ләззеттың предметіне, қызықшыл да сауықшыл бойкүйездердің ойыншығына айналдыру. Бұл оған өліммен тең», – екенін өз бетінше-ақ анық түсінді. (Г.Белинский. Полное собр. соч. 2-том, 279-280 стр.). «Қалың елі қазағына» сондықтан:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шапшақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз, –

деп, неге ұмтылып, неден қашу қажеттігін үйретті. Тіпті соқырға таяқ ұстатқандай етіп, мынау-мынау деп саусақпен санап, нақты көрсетіп берді. Ал осы нақтылық – жоғарыда характер жасауынан көргеніміздей, бүкіл Абай поэзиясына тән қасиет. Онда бұлдыр ой, түсініксіз мағына, көмескі сурет атымен жоқ. Нақты өмірдің өзіндегідей бәрі айқын, бедерлі.

Ақынның «Адасқанның алды – жөн, арты соқпақ» дейтін өлеңін оқып көрейік. Өлең жалпылама үлкен ой толғанысымен басталады да, екінші шумақты оқи бастағанда, ойламаған жерден көз алдына сопаң етіп бір тұлға шыға келеді:

Бір аршөпке шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады алшақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем – деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.
Жаздыкүні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,

Қолында бір сабау бар ол-дағы әшпақ,
Керегеге сабауды шаншып қойып,
Бөркін іліп қарайды жалтақ-жалтақ.

Адам мінезін осыдан артық тағы қалай елестетуге бола-рын айту қиын. Осы жолдарды оқығаннан кейін бәрі де айқын: өлең идеясы да, алғашында жалпыламалау көрінген бірінші шумақтың қоғамдық, психологиялық мәні де түсінікті. Шынында да, түсінбейтін не бар? Әсіре сөз, артық теңеуі жоқ, өз орындарын тауып орналасқан нақты ойлар ғой. Мұнда біз «Болыс болдым, мінекидегідей» өзгеше бедерлі, іші-тысы бірдей ашылған жанды бейне көреміз. Бұл – кәдімгі қазақ сылқымының өткен ғасырдағы бейнесі. Мұндай образ жасау үшін, М.Әуезов айтпақшы, үлкен бір роман яки повесть жазуға да болар еді.

Немесе мына бір жолдарды алып қарайық:

«Бай-еке» десе елігіп, қайырсыз малға желігіп,
Кеудесінен буынып, пыс-пыс етіп демігіп,
Өтірік жала жабады, біреуге көр қазады,
Отырғанда үйінде ылдидың төрін алады...

Міне, мұнда да жанағыдай бедерлі, нақты бейне көріп отырымыз. Рас, бұл өлеңде ақын кейіпкерінің сырт бейнесіне шүйілмей, жан-дүниесіне көбірек назар аударады. Әйтсе де, осындағы дәл табылған бір-екі ұтымды штрихтан-ақ бұл адамның сырт пошымын түгел елестете аламыз. «Кеудесінен буынып, пыс-пыс демігуіне» қарағанда, ол қарны шерміп, семіздіктен жарылғалы тұрған біреу. Белден буынар жағдайы жоқ, мықынсыз майлы қарын белдік ұстай ма, отыруға да ыңғайлы орын керек: шертиген шалқақ адам қайтіп өрге қарап отырсын, сондықтан «отырғанда үйінде ылдидың төрін алады». Осы соңғы жолдың өзімен-ақ ақын сурет жасап қана қоймай, кекесін-мазағын да ұсынып, оқырманын еріксіз езу тартқызады. Керемет ұтқыр, керемет дәл деталь. Деталь сәттілігі арқасында екі-ақ жолмен адам портретін қайталанбастай әдемі жасап берген.

Сәтімен алынған дәлдігі мығым, нақты детальдар табиғат лирикаларынан жақсы байқалады. Абай үшін табиғатты жырлау құр мақсат емес, ол адам қарекетін көрсететін фон есебінде қажет.

Жаздыгүн пілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйпешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда...
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Өзілдесіп, сынқылдап...
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
«Малыңды әрі қайтар», – деп,
Малшыларға қыңқылдап.

Халық тіршілігін осындай табиғат аясында көрсете отырып, сол жаратылыстың өзінің әсем суретін де бейнелі сөз штрихтармен сызып береді. Мұндағы бір ескерте кететін нәрсе – ақын жансыз табиғатты үнемі жанды мақұлықтарға, адамға яки олардың іс-әрекеттеріне теңей отырып, қимыл-қозғалысқа келтіреді. Сондықтан олар оқырман жадына мәңгі ұмытылмастай терең ұялайды:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(«Қыс»)

Жасыл шөп, бәйпешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш-құрай.

(«Күз»)

Асау терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.

Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

(«Теректің сыйы»)

Ал, керісінше, жандыны жансызға теңейтін:

Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі, –

сияқты жолдар тек сатираларында белгілі мақсатпен қолданылып, бірен-саран кездесіп отырады. Әйтсе де, олардың да бояуы айқын да қанық келеді.

Үнемі образ нақтылығына ұмтылатын ақын кейде тіпті абстракті ұғымдардың өзіне де нақтылық сыпат береді:

Үміттің аты еліріп,
Қос тізгінді созбайды.
Қанша тепкі салсаң да,
Уайымнан озбайды.
Бір қайғыны ойласаң,
Жүзқайғыны қозғайды.

Бұдан, әрине, Абайда абстрактілі ұғымдар жоқ екен деген қорытынды шықпайды. Поэтикалық тілді дамытуда көп еңбек еткен ұлы ақын бұрын қазақ ұғымында болмаған дерексіз ұғымдарды да батыл енгізіп, орнықтыруға күш салды.

Ал осы суреткер ақын қаламына тән ақиқаттық, нақтылық, айқындылық дегендер жік-жік боп, өз алдына оқшау тұрған нәрселер емес, бір-бірімен араласа шөгіп жатқандай, органикалық байланыстағы біртұтас күйде көрінеді. Сондықтан алғашқы екеуіне (өмір шындығы, нақтылыққа) байланысты айтылған ойлар, келтірілген мысалдармен бірге соңғы үшінші сыпат та қоса қозғалып отырады. Енді оған қосымша эпитет айқындығы төңірегінде аздап сөз етейік.

Ақын бір өлеңінде:

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз», –

деп, әсіре теңеумен өсіре айтқысы келетін, бірақ өмірмен еш жанасымы жоқ қисынсыз сурет жасайтын ақындарды келемеж еткен еді. Расында, қыз иегі алтын, өзі сары ала болса, ол сұлу түгіл адам шошыр кейіп емес пе? Сондықтан Абай өз өлеңдерінде мұндай өрескелдіктен қашып, эпитет, метафораларды зор талғаммен, ұнасымымен пайдаланған. Мәселен:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті...

Осыдан иін тірескен, қат-қабат эпитет, метафора көреміз. Бәрі де халық тіліндегі бұрыннан мәлім теңеулер. Тек Абай өлеңінде олар сомданып, суреттілік штрихтары айқындалып, әрленіп кетеді. Ақынның керемет орынды, дәл пайдаланатыны сонша «қамыс құлақ, қой мойын, бөкен қабақ» дегендегі эпитеттер үлкен бір суреттеменің орнына жұмсалып тұрғандай. Оның мәнісі – теңеулердің айқындығында, қисынын дәл тауып қиюласуында. Жүйрік, жүрісті, әрі сұлу, әрі шаруаға қолайлы, мінезді нағыз ер қанаты болатын аттың мүсінін сыпаттап беруде Абай халық тілінің байлығын мол пайдаланады, тілге шебер, сөзге ұста ақын боп көрінеді. Сонымен қатар бұл өлеңде асқан байқағыштығы да көзге түседі. Тек аттың бас бітіміне қоятын шарты он екі де, алдыңғы-артқы аяқ бітіміне қояр шарты он бестен асады. Мұндай көргіштік нағыз сыншыл сайыпкердің өзінде де бола бермес.

Тегінде, байқағыштық, сезімталдық Абай бойына туа біткен. Медреседе оқып жүрген кезінде софылық мистикаға баулитын Йассауи, Бақырғани, софы Аллаяр тәрізді ақындардан бойын аулаққа салып, Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаилерге пейіл бергені де әуел бастан соны танытқандай. Әрине, бұл – әншейін өмірбаяндық фактілер ғой. Біздің міндетіміз – әлгі аталған қасиеттерін ақын шығармашылығынан тереңірек көрсету...

Ақын көргіштігі «Аттың сынындағыдай» нақты затты яки тіршілік иесін тікелей бақылаумен бітпейді. Ол қоғам өмірінен, адамдар арасындағы қарым-қатынастан жалпының көзіне іліге бермейтін бүркемеленген шындықтарды да тап басып, ашып отырады.

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауылды іздеп жүргін босқа, –

деп, ақын бір өлеңінде қыр желкесіне жалқаулықты мінгізіп, ел аралап, тамақ андитын кейбір қазақ кедейлерін сынай келіп:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа, –

дейді. Өткір шындық. Оны автор тереңнен танып отыр. Ал кедейді жұмсап отырған бай оны ішкен тамағының төлеуі деп еш уақытта айтпақ емес, не ағайын-туыстық, ілік-шатыстығымен, не ақсақалдық, үлкендігімен бүркейді. Асын ішіп алғасын, кедей өзін борышты сезінеді, тапсырған шаруасын тындырып беру – міндет. Бай үшін бұл – ақысыз қызмет істетіп қалудың тиімді жолы. Өз үйінде шөп басын сындырмайтын кержалқау кедей бай қақпанына қалай түскенін байыптамайды да. Абай соның мәнісін ашып беріп отыр. Ақынның өмір сүрген дәуіріне байланыстыра қарасақ, бұл өзі, сөз жоқ, оның көрегендігін танытады. Алайда, бұл – Абай сияқты данышпанның көзіне түспей қоймайтын кең көлемдегі, әжептәуір кесек деталь. Ақын көзінің жітілігі бұдан гөрі көп ұсақ жәйттерді де дөп басып тануына мүмкіндік береді. Бұдан бұрын бір келтірілген:

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш-қурай, –

дейтін жолдар сөзіміздің дәлелі. Күздікүнгі ағаш-қурайды қайыршы шал-кемпірге тауып теңейді, өте бір нәзік ұқсастық табады. Ақын ұқсатуының дәлдігі сонша, жолдардың орнын ауыстырып керісінше теңесең де, образдылық жағынан ешқандай нұқсан келмек емес.

Бұл да әлі ақын байқағыштығының, сезімталдығының шегі емес. «Қызарып, сұрланып» деп басталатын тамаша лирикасында:

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып, –

дейтін шумақ бар. Осындағы «дем алыс ісініпті» тіл бейнелілігіне саярмыз-ау, ал «саусағы суынып» дегенге не айтуға болады? Құр ұйқас үшін алынып, еш негізсіз салбырап бос тұрған жол ма? Олай деуге әсте ауымыз бармас еді. Онда да белгілі мән болуға тиіс. Асқан реалист, шебер ақын бір жол түгіл бір сөзді де беталды негізсіз қолданбаған. Әсіресе, адам психологиясын, сезімін көрсетудегі детальдар дәлдігі, орындылығы тым нәзік те берік келеді. Демек, бұл жолдарда ақын өзі сезінген психологиялық, физиологиялық, тіпті физикалық заңдылықтың құпия сәттері жатқан жоқ па екен деген ой кимелейді. Поэтикалық тұрғыдан ғана тәптіштеп қоймай, осыған жаратылыс ғылымдары тілімен түсінік беру керек-ақ секілді.

Бұл жорамалмен Абай өлеңдеріндегі рухани асқақ сезімді жер бауырлатып, натурализм ауылына таман жетелемек ниет жоқ бізде. Натурализм өмір шындығын көрсетудегі талғамсыздықтан, деталь іріктеудегі дәрменсіздіктен өрбиді. Ал Абай адам сезімін, психологиясын, жалпы өмір шындығын суреттеуде детальдарды мұқият таңдайтыны жөнінде қадай айтқанбыз. Сезім конкретті зат емес. Оны суреттеу үшін белгілі бір жағдайда адам бойындағы көзге шалынар, сезінер, байқалар жәйттерге, құбылыстарға жүгінуге тура келмек. Тіпті, «қызарып, сұрланып» негізінде де физиологиялық құбылыс белгілері жатқан жоқ па?

Сонда біздің осы бір «елеусіз тіркеске осынша шұқшиюымыздың себебі не? Себебі-ақ сол – ақынның асқан байқағыштығымен қатар, адам психологиясын ашудағы, сезімін берудегі таңдау шеберлігін, ұйқасқа түскен әр сөздің өзінде өмірлік үлкен ақиқат қана емес, әркім аңдай бермейтіндей тіршіліктің микроскопиялық шындығы да жататынын көрсеткіміз келді.

Мұндай нақты да дәл, әрі нәзік детальдарсыз Абай лирикалары да екінің бірі жазып жүрген «күйдім, сүйдімнен» аспаған болар еді.

Жалғыз бұл емес, ақын өлеңінің талай-талай жолдарына таза маман көзімен үнілуге болар еді. Өйтсек, ала-бөтен ерсі іс істемесіміз және хақ. Мәселен, Д. Благой «Пушкин шеберлігі» монографиясында Пушкиннің композиция құрудағы шеберлігін көрсету үшін, ақынның поэмаларын талдай отырып, арифметикалық есеп-қисап жүргізеді. Белгілі бір оқиғаға құрылған шығарманың сюжеттік бітіміндегі байланысқа (завязка) дейінгі және одан кейінгі өлең жолдарының саны тұп-тура бірдей болып отыратынын көрсетеді (113, 133-137 беттер). Бұны автор П. Титов дейтін инженердің математикадан сауатсыздығына қарамастан, ешқандай есеп-қисапсыз-ақ чертеж сызудағы көз мөлшерінің таңданарлық дәлдігімен салыстырып, Пушкиннің керемет сезімталдығы деп дәлелдейді.

Сөйтіп, Абай үлкен реалистікпен халық өмірінің шындығын тура көрсете отырып, ірі типтік характерлер, жанды бейнелер, сезім, ой суреттерін, табиғат көріністерін жасады. Және екінші қайталанбастай етіп сомдай алды. Сондықтан олар ақынның өз дәуіріндегі оқырмандар ғана емес, біздің де, келер ұрпақтардың да көңілінен шығып отырады. Олай болса, Абай лирикаларының тәрбиелік, эстетикалық мәні ешқашан кемімек емес. Кезінде Абай сынына іліккен мінез, қылықтар қазірдің өзінде де сол күйінде ұшырасады. Мәселен, кейбір тіленшек, арсыз ақындар жөніндегі сөздерін осы заманғы желбуаз жазушы сымақтарға бетпе-бет айтуға әбден болар еді. Немесе «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» дейтін өлеңіндегі не өзі тындырмайтын, не өзгеге тындыртпайтын іші тар, арам ниеттілер қазір жоқ па? Бұлар Абай шығармаларының тәрбиелік маңызының әлі де молдығын танытатын жәйттер.

Осы тараудың өн бойына айтып келе жатқанымыз Абайдың ақындық шеберлігінің объективтік және субъективтік факторлары болды. Бұлар шешуші рөл атқарғанымен де, шеберлік онымен шектелмейді.

Ақын тек көрген-білгенін айтып беруші емес, оған өзінің қатысын көрсетеді, үкімін айтады, өйткені әдебиеттің эстетикалық, өмір танытушылық жағымен қатар тенденциялық сыпаты бар. Ақын белгілі бір мүддені қорғап, өзіндік идея ұсынуы керек. Әдеби шығармадағы өмір шындығы сезіммен, терең философиялық оймен, тұжырыммен ұштастырылуы қажет. Абайда оның бәрі бар. Ендігі айтарымыз – ақын сол идеяларын, ойларын қалай бере білді деген жайдан болмақ.

Аз сөзбен көп мағына беру – Абай поэзиясының басты қасиетінің бірі. Ақын үнемі ықшамдылыққа ұмтылады. Оның шығармаларында басы артық сөздер жоқ. Ол қолданған әр сөз тұтас сөйлем жүгін арқалап тұрады. Сондықтан Абай лирикалары тіл жағынан бейнелі, ой жағынан терең келеді:

Биік мансап – биік жартас:
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндей ұшып қыран да шығады...

немесе:

Жаман дос – көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қапшып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

Міне, бұлар көлем жағынан бір-ақ шумақ, ал іші толы батпан ой, сықасқан образ. Осы үш қасиет – қысқалық, бейнелілік, ойлылық – әлгі жолдарды ел аузынан түспейтін афоризм етіп отыр. Мұндай афоризмдер ақын шығармаларында орасан мол екені – барша оқырман жұртшылыққа мәлім.

Сонымен, ақын неғұрлым ықшамдылыққа ұмтылған сайын, өлеңдері де соғұрлым көркемдік жағынан толысқан, мазмұны бай, ойы айқын бола түседі. Әрине, ықшамдылық дегенде, оны көлем жағынан ықшамдау деп ұғынсақ, қатты қателесер едік. «Сегіз аяқ», «Болыс болдым мінеки» т.б. секілді көлемі жағынан біршама ұзақ тамаша лирикалары сөзімізді жоққа шығарар еді.

Сол себепті ықшамдылық дегенде, көлемдік ықшамдылықты емес, шығарманың ішкі архитектурикалық бітімін айтуымыз керек.

Абай өлеңдерінің архитектурикасын сөз еткенде, көз алдына алдымен қазақ поэзиясына ол енгізген көп түр оралады. Б. Кенжебаевтың көрсетуіне қарағанда, Абай өлеңдеріндегі кейбір түр үлгілері бұрыннан ауыз әдебиетінде болған, ақын соларды қалыптастырған, заңдастырған. Енді біразын өз тарапынан қосқан.

Ақын өлеңдері түріне байланысты мәселені дұрыс қоя білу керек. Тегінде ол әйтеуір түр қуған адам емес.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін, –

дей отырып, ең алдымен мазмұнға баса назар аударған. Сол мазмұнды өткір де дәл жеткізіп беру үшін ізденген, нәтижесінде жаңа түрлер туғызған. Ақынның ол ізденістерін аудармалары жақсы дәлелдейді. Пушкиннен «Онегиннің Татьянаға жауабын», Крыловтан «Қарға мен түлкіні», Лермонтовтан «Дұғаны» екі түрлі аударып байқаған. Әсіресе, алғашқы екі автордың аудармалары түпнұсқаны неғұрлым дәл беруге талаптанғанын танытқандай. Демек, Абай өлеңдерінің түрлері тікелей мазмұннан, ықшамдылыққа ұмтылуынан, аз сөзбен көп мағына беруге тырысуынан туады. Бүкіл Абай поэзиясына тән қасиет – түрден мазмұн басымдылығы түрі жаңа өлеңдерінде де күшін берік сақтайды. Түрге бола жалаң қызыл сөз қуу жоқ.

Сырмақ қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Терінің қоқымын
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.
Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ,
Бүкшітіп,

Сексіп,
Түксіп өлтірді.

Бұл өлеңнің формасы – тіпті жаңа. Мазмұнды әдемі ашып отыр. Біз өлең оқып отырған секілді емес, Масақбайдың түксиген салақ қатынының қимыл-әрекетін тікелей бақылап отырғандай боламыз.

Немесе:

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт беппент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел қыл Құдайға!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Ақынға жоғарғы өлең пішіні сурет жасау арқылы оқушысын жирендіруге қандай қажет болса, соңғы ырғақ қамыққан жігітке айтар басуын жігерлі жеткізу үшін сондай қажет. Егер ақын алғашқы шумақ мөлшерін сақтап: «Әйелмісің, жылама, тәуекел қыл», – деген болса, өлеңдік жағынан ұтылмаған күннің өзінде өткірлігі бәсеңсіп, құлағымыз ақын үнін айқын ести алмауы кәдік еді.

Сонымен, Абай үшін түр – ойын нақты жеткізудің құралы. «Түбі терең сөзге» ол түрді де, ұйқасты да, ырғақты да бағындырады. Нәзік сезімді лирикаларын, уытты сатиралары мен ойға құрылған философиялық өлеңдерін оқушыға шегелей айтып, дәл жеткізіп беру үшін, оларға қажетті түр тауып отырумен қатар, соны жандандыра түсетін сөз образдарын да мол пайдаланады. Абай шығармаларында тропа, фигуралардың небір алуаны бар. Ол жөнінде нақтылыққа байланысты ептеп сөз етсек те, қазір аздап арнайы тоқтала кетейік.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас, –

деп, ол өлеңнің спецификалық мәнін тура түсінген. Өрнекті тіл – бейнелі тіл. Ақын үнемі айшықты сөзбен сөйлейді. Оның өлеңдерінде «жапырақтар жамырайды», «сөзінде шыбынсыз жаз бар», «жас жүрек саусағын жайып, алыс айға талпынады», болыс «күштілері сөз айтса, бас изеп шыбындайды». Немесе көңіл-күй лирикаларындағы:

Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой.
Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар, –

дейтін жолдар қандай! Мұндағы тіл бейнелілігі сондай әдемі, жарасымды. Осылайша кіл бейнелей сөйлеу Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде болған емес. Шынайы ұлттық ақын жасаған ол бейнелі тіркестер қазақ өмірінің нақты суреті іспетті, сондықтан олар көкейге қонымды, ұғымы жатық. Соған қарамастан әрі тосын жаңалық та: «мен – сынық жан», «қалғыған тау», «сілкінген жапырақ», «көңілдің жайлауы» тәрізді қиюласулар Абайға дейін болмаған, тек соның арқасында енген ұғым-бейнелер.

Осы тіл бейнелілігімен Абайдың өзінен бұрынғы және тұстас ақындардан ерекше биік тұратын бір жағы бар. Оған дейін қазақ поэзиясында табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы дейтін салалар жоқ болатын-ды, көбіне кең тараған жанр әлеуметтік лирика еді. Оның өзі де бір сарында тақпақталып, сырдаң, жайдақ келетін. Абайда да ағартушылық мақсатына орай дидактика мол. Тіпті Абай лирикаларының дені дидактикамен, үгіт-насихатпен аяқталады. Ал дидактиканы В. Белинский «өлеңге қарсы жалған беталыс» деп атаған.

Абай лирикаларынан ондай жалған беталыстың сезілмейтіні неліктен? Оның бірден-бір себебі-ақ сол – автор өлеңнің «теп-тегіс жұмырлығын» қатал бақылап, айтар ақыл-өсиетін тікелей сол өлең мазмұнынан шығарады: үлкен философиялық ой қорытындысын ұсынады және оны айшықты сөз образына орап

береді. Сол себепті ескі қазақ ақындарының жаттап алмасаң есте қалмайтын құрғақ дидактикасындай емес, Абай өсиеттері нақыл сөздер есебінде жұрт көңілінен орын теуіп ұялай қалады.

Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады иығы зор...

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар...

Абай өлеңдерінің қай-қайсысы болмасын, мүше-мүшесі түгел, аяғын нық басып тұрған толыққанды шығармалар. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» мен «Масғұдтан» басқаларының композициялық құрылымы мінсіз, шебер мүсінші қашаған тұлғадай қырланып, сом тұрады. Шығарма бойынан жамаудай көзге оғаш шалынар кедір-бұдырлық, шашырандылық, бірді айтып, бірге ауысар секіріс кездеспейді. Тіпті композициялық тұтастық жоқ делінген «Қақтаған ақ күмістейден» де, егер екі жартысын жеке-жеке қарастырсақ, баяндаудағы әдемі сатылы жүйені көреміз: қыздың ақша мандайынан бастап, бүкіл бет пішінін сыпаттайды да, мойнына ауысады, одан әрі иығын, қолын, төсін, жазық жауырынын, арқасындағы қолаң қара шашын орналасу тәртібіне қарай ретімен айтып өтеді. Сондай-ақ, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» дейтін өлеңінен де дәл жаңағыдай бірсыдырғы жүйелілікті көреміз. Бүркітшілердің таңертең аңға шығуынан бастап, түлкі алып, қанжығаға байланғанға дейінгі уақиға өз қисынымен дамып отырады.

Осындай композициялық үйлесім ақын лирикасының қай-қайсысына да тән. Өлеңдегі әр шумақ, әр жол алдыңғы айтылғандардан туындап, негізгі идея төңірегінде өзек салып өрген қамшыдай жымдаса өрбіп отырады.

Абай поэзиясына шығарма көркемдігін әлсірететін, ойға қағыссыз шашыраңқы жолдар, өзара композициялық, мағыналық тұтастығы жоқ оқшау-дара шумақтар жат. Рас, ақын өлеңдеріндегі әр шумақ (кейде жолдарға дейін) дербес ойлар арқалап тұратын реттер бар. Бірақ олар гармониялық, мазмұндық, идеялық бірлікті берік сақтап тұрады да, композициялық бітімге құйтай олқылық келтірмейді. Мәселен, «Сегіз аяқ» осысымен ерекшеленеді.

Міне, осы секілді ақын шеберлігін танытар белгілер бірлігі оның стильдік ерекшелігін белгілейді. Сатираларында шиыршық атқан ыза-кек, махаббат лирикаларында мөлтілдеген нәзік сезім, көңіл-күй лирикаларында қоңыр ғана күмбірлеген ішкі толғаныс және солардың бәріне тән үлкен ой жатады. Осы стильдік ерекшелігіне қарай Абай өлеңдерін оңай танимыз.

Сонымен біз бұл мақаламызда Абайдың ақындық шеберлігі жайында сөз қозғадық. Сол шеберліктің арқасында оның поэзиясы кез келген ұлы ақын поэзиясымен иық теңестіріп, қысылмай-қымтырылмай, қатарында еркін тұра алады, сондықтан да Абай – бүкіл адамзатқа ортақ поэзия әлеміндегі жарық жұлдыздардың бірі. Ол мәңгі жарқырайды. Уақыт неғұрлым озған сайын нұрлана, тұлғалана түседі. «Қанша ескірсең, боласың сонша жаңа», – деген Қожа Хафиз жөніндегі Гете сөзін Абайға да арнауға болар еді.

Абай қайтыс болғалы тоқсан жылға таяу уақыт өтіпті. Демек, арамызда тұтас ғасыр жатыр. Осы мерзім ішінде әлемдегі өмір танымастай өзгерді. Санамызда да, дүниетанымымызда да, көзқарас, идеологиямызда да мүлдем жаңа сыпаттар пайда болды. Бірақ Абай поэзиясының бүкіл көркемдік-эстетикалық, танымдық, философиялық мәні – сол күйі. Уақыт озған сайын қайта тарихи мәні артып, халқымыздың теңдесі жоқ асыл мұрасына айнала түсті.

Білетін зерттеуші-ғалымдарымыздың айтуына қарағанда, осы күні Абай мұрасы туралы жазылған, баспа бетін көрген еңбектер саны екі мыңнан астам көрінеді. Өзіне сондайлық көңіл аудартқан, қазақ оқырмандарын былай қойғанда, көптеген халықтың сүйікті ақынына айналған Абай құдіретін танытарлық, оның ақындық шеберлігін жан-жақты ашатын еңбек қажет-

ақ. Абай шығармашылығы терең зерттелген осы бір шақта бұл мәселені қабырғасынан қою орынды да.

Біздің зерттеу жұмысымыз екі бөлімнен құралған. Әуелгісінде ақынның шеберлікке жету жолында жүріп өткен кезеңдерін қарастырдық. Адам баласының ана құрсағынан шығып, бірте-бірте жетілуі, өсуі секілді, ақындық өнер де бірден «көктен аяғы салбырап түсе» қалмайды. Оның да өсу эволюциясы бар. Ақындық өнердің жетілуі үшін сыртқы объективтік фактордың орны ерекше. Ол факторларды Абай шығармашылығын зерттеушілер бұрын-ақ көрсетіп берген. Ақын сусындаған қайнар-бұлақ, немесе үлгі-өнеге алған мектебі – үшеу. Олар: қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи әдебиеті нұсқалары, шығыстың классикалық поэзиясы, орыстың XIX ғасырдағы алдыңғы қатарлы ақын-жазушыларының шығармалары мен сол орыс тілі арқылы танысқан батыстық алдыңғы қатарлы әдебиет үлгілері. Бұл мәселені біз де аттап өте алмадық, оқыған, түйген жайларымызды өз сөзімізбен қысқаша айтып бердік. Егер өз тарапымыздан қосылған жекелеген пікірлеріміз болса, ол да осы мақала ішінде.

Ақын шеберлігі толысуын өз шығармашылық жолы арқылы көрсету үшін махаббат лирикасын таңдадық. Олай еткен себебіміз – ақын мұрасын зерделей оқып байқағанда, ол табиғат және әлеуметтік мәселелер тақырыбын тезірек, ал махаббат лирикасын сәл кештеу меңгергеніне көз жеткіздік. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлыдан» бастап, «Қызарып, сұрланыпқа» дейінгі аралықта жазылған лирикаларына талдау жасап, пікірімізді дәлелдеп беруге тырыстық. Мұнда ақын лирикаларының өлеңдік жағына көбірек тоқталып отырдық та, кейін махаббат жайлы көзқарасын арнайы жеке сөз еттік.

Екінші бөлімде Абай шеберлігі неде деген мәселені қозғадық. Ең алдымен, Абай поэзиясы суретті поэзия десек, ақынның суреткерлік шеберлігі неде деген сұрақ туады. Біз оны өмірді терең білуінде, өмір шындығын дұрыс, реалистікпен көрсетуінде, үлкен жинақтаулар, топшылаулар, типтік бейнелер жасауында, образдарының нақтылығында, айқындығында, шығармаларының халықтық сыпатында деп көрсеттік. Ақын шеберлігі онымен

бітпейді. Сондықтан ақын бойындағы дара қасиеттеріне – байқағыштығы, сезімталдығы, деталь іріктей білуі дегендерге тоқталып, ықшамдыққа ұмтылуы, аз сөзге көп мағына үстей білуі, мазмұнға сай түр таба білуі сияқты мықты қасиеттерін сөз қылдық. Одан кейін ақын тілінің бейнелілігін, композиция құру шеберлігін қысқаша баяндадық.

Бұнымен біз Абай шеберлігінің бар қырын ашып бердік деп айта алмасақ керек. Өз мүмкіндігімізге әрі алға қойған мақсатымызға орай әрбір тоқталған мәселемізді екі-үш мысалмен ғана дәлелдеуге тырыстық, сондықтан олар жеріне жетпей жатуы әжеп емес.

Бір ескертетін жайт, бұл тақырыптағы арнайы зерттеу жоқ дегенмен, осында біз қозғаған мәселелердің көбісі бұрын-соңды жарияланған зерттеулер мен мақалаларда ептеп қозғалып отырған, тек олар екі мыңнан астам еңбек ішінде шашырап жатыр. Біздің тындырғанымыз – негізінен, сол ойлардың біразын осы мақалаға тоқайластырып, жинақтап ұсынғанымызда болса керек.

Біз ұсынған әдісті пайдалана отырып, ұлы ақынның көл-көсір мол мұрасын ерінбей-жалықпай зерделеп, оның табиғат лирикасындағы, көңіл-күй лирикасындағы, әсіресе, әлеуметтік-философиялық толғауларындағы жетілу жолын, толысқан шағын тәптіштей баяндаса, абайтану ғылымындағы үлкен еңбек дүниеге келер еді деп ойлаймын.

Қысқасы, Абай шеберлігі жөнінде монография қажет-ақ.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмағамбетов И.Н. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап өткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сөз. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сөз. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. – Астана: Күлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абдрахманов С. Төлума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Өл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Өл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы.....	3
Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға.....	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры.....	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктер	296

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.